

## Құрылыста мердігерлік тендерлерді дайындау мен өткізудің тәртібі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 шілде N 1056. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.02.25. N 141 қаулысымен. ~P980141

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Құрылыста мердігерлік тендерлерді дайындау мен өткізудің тәртібі туралы ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша бір ай мерзім ішінде тапсырыс беруші мен құрылыстағы мердігерлік тендердің жеңімпазының арасында жасалатын үлгілік шарттың жобасын әзірлесін және бекітсін;

2 айлық мерзім ішінде бастапқы тендерлік және тіркеу құжаттамаларының нысандарын әзірлесін және бекітсін.

3. Мыналардың:

"Қазақстан Республикасында немесе Қазақстан Республикасының кепілдігімен берілетін мемлекеттік қаражат пен инвестициялық кредиттеудің есебінен жүзеге асырылатын объектілерді жобалауды және салуды реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 14 желтоқсандағы N 1726 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 37, 487-құжат);

"Ақмола қаласында және оның ықпал аймақтарында жоғары және орталық мемлекеттік органдарды орналастыру үшін ғимараттарды жобалауға және салуға арналған тендерлер өткізу жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 815 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 259-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 3 шілдедегі

№ 1056 қаулысымен  
бекітілген

Құрылыста мердігерлік тендерлерді дайындау мен  
өткізудің тәртібі туралы  
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасының аумақтарында құрылыста мердігерлік тендерлерді дайындаудың, өткізудің және олардың қорытындыларын шығарудың тәртібін айқындайды.

Ереженің қаржыландыруы мемлекеттің бюджет қаражатының, сондай-ақ үкіметтік кепілдіктермен немесе мемлекеттік банктердің кепілдіктерімен қамтамасыз етілетін несиелердің есебінен жүзеге асырылатын құрылыс жобаларын орналастыруға және жүзеге асыруға, мердігерлік жұмыстар мен қызмет көрсетулерді орындауға арналған міндетті сипаттамасы бар.

Ереже Қазақстан Республикасының аумақтарында орналасқан өндірістік және өндірістік емес мақсаттағы үйлер мен ғимараттардың жаңаларын жобалауға және салуға, бұрынғыларын қайта жанартуға, техникалық қайта жаратандыруға және күрделі жөндеуге қолданылады.

Тендерлерді ұйымдастыру мен өткізу тендерге барлық үміткерлер мен қатысушылардың тең құқығын, жеңімпаздарды анықтау кезінде объективтілікті қамтамасыз етуі тиіс.

Тендерлерге қатысуға Қазақстан Республикасының аумақтарында тапсырыстарда орындау үшін қажетті қызметтерді жүзеге асыруға арналған лицензиялары бар отандық және шетелдік заңды тұлғалар жіберіледі.

II. Ережеде пайдаланылатын ұғымдар

Мердігерлік тендер - құрылысқа тапсырыстарды орналастыру мақсатымен конкурстық негізде, жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындау үшін екі немесе одан көп қатысушылардың мердігерді таңдап алуды қамтамасыз ететін конкурстың айрықша түрі.

Тендердің нысанасы - тендер өткізілетін жұмыстардың немесе қызмет көрсетулердің нақты түрі.

Тендердің объектісі - тендердің нысанасы соған жататын, өндірістік немесе

ө н д і р і с т і к е м е с о б ъ е к т і .

Ашық тендер - I тараудағы талаптарға жауап беретін барлық тілек білдірген заңды тұлғалар қатысуға жіберілетін конкурс.

Ашық тендер өткізілетіндігі туралы хабарландыру мен оның нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Жабық тендер - бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланбастан арнайы шақырылған үміткерлердің шектеулі санымен өткізілетін конкурс. Жабық тендер мемлекет үшін айрықша маңызы бар не күрделі технологиялар қолданылатын не жобалауда, құрылысын салуда және пайдалануға беруге ерекше тәжірибесі бас ұйымдар тартылатын, сондай-ақ құпия технологиясы немесе құпия түпкілікті нәтижесі бар объектілер бойынша жүргізіледі.

Тапсырысшы - тапсырысты ұсынушы тұлға не оның уәкілетті өкілі.

Тапсырыстың кепілдігі - тапсырысты қаржыландыруға арналған қаражаттардың бар екенін немесе оларды тартуды растайтын құжаттар.

Тендерді ұйымдастырушы - тендерді өткізуді дайындау тапсырылған тапсырысшы уәкілеттендірген тұлға.

Тендер комиссиясы - тендерді өткізу және оның жеңімпазын айқындау үшін тапсырысшы (тендерді ұйымдастырушы) құратын тұрақты немесе уақытша а л қ а л ы қ о р г а н .

Үміткер - ұсынысын тендер комиссиясы тіркеген заңды тұлға.

Тендерлік құжаттама - тендердің объектісі мен нысанасының техникалық қаржылық, коммерциялық, ұйымдастыру және өзге де сипаттамалары туралы толық ақпаратты қамтитын құжаттардың жиынтығы.

Тендердің шарттары - тапсырыстың құны, көлемі және оны атқару уақыты туралы деректер.

### III. Тендердің нысанасы

Мердігерлікке арналған тендердің нысанасы:

үйлер мен ғимараттарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен әлеуметтік, көліктің және инженерлік инфрақұрылымдар объектілерін жобалау мен салу; құрылыс, монтаждау және іске қосу-жайластыру жұмыстарының жекелеген кешендерін орындау; күрделі және бірегей жабдықты дайындау, әкелу және монтаждау бола алады.

### IV. Тендердің қатысушылары

Тапсырысшы (тапсырысшының өкілі):

тендерді ұйымдастырушы;

тендер комиссиясы;

үміткерлер тендердің қатысушылары болып табылады.

Тапсырысшы (тапсырысшының өкілі) немесе тендерді ұйымдастырушы тендердің жұмысына қатысу үшін консультанттар мен сарапшыларды тарта алады.

Тендер комиссиясының мүшелері мен шақырылған консультанттар мен сарапшылардың жауаптылығы, олар тендерді ұйымдастырушымен жасасқан ш а р т т а а й т ы л а д ы .

## 1 . Т а п с ы р ы с ш ы

Тендер өткізу туралы шешімді ведомстводан тыс мемлекеттік сараптамадан өткен және белгіленген тәртіппен бекітілген (мақұлданған) инвестицияның әзірленген техникалық-экономикалық негіздемесінің негізінде тапсырысшы қ а б ы л д а й д ы .

Тапсырысшы тендер жарияланғаннан кейін тендер комиссиясына, тапсырыстың кепілдігін, сондай-ақ тендер өткізу үшін қажетті барлық құжаттарды беруге міндетті.

Тендер өткізуді тапсырысшы қаржыландырады.

Тапсырысшы тендер комиссиясының құрамын қалыптастырады және бекітеді . Тендер комиссиясының құрамын қалыптастыру мен бекітуді тапсырысшы тендерді ұйымдастырушыға тапсыруы мүмкін.

Тапсырысшы тендерді өткізуден үш күн бұрын тежеусіз күш

жағдаятына қатысты немесе тапсырысшыға қатысты емес өзге де себептер бойынша жағдайларды қоспағанда, тендерге қатысуға өтініш берген адамдарға нақты залалды өтеу арқылы одан бас тартуға құқылы.

Тендердің тәртібі мен шарттардың, тендерлік құжаттама мен оның құрамын тапсырысшы бекітеді.

Тапсырысшы тендер комиссиясы айқындаған тендердің жеңімпазымен 10 күннің ішінде шарт жасасуға міндетті.

## 2. Тендердің ұйымдастырушы

Тендерді ұйымдастырушы:

тендерлік құжаттамаларды дайындауға;

республикалық бұқаралық баспасөз құралдарында ашық тендер өткізілетіндігі туралы ол өткізілгенге дейін бір ай бұрын қазақ және орыс тілдерінде ақпарат жариялауға;  
тендердің шарттарын дайындауға;  
тендерге қатысуға өтінім жіберген барлық тұлғалардың барлық

келіп түскен өтінімдері мен жазбаша хабарламаларын тіркеуге;

барлық үміткерлерге тендердің қорытындылары туралы жазбаша хабарлауға;

тапсырысшының тендерді дайындау және өткізу жөніндегі өзге де тапсырмаларын орындауға міндетті.

### 3. Тендер комиссиясы

Тендер комиссиясының құрамына:

орталық мемлекеттік органдардың мамандары немесе бұл органдардың жергілікті жерлердегі өкілдері;

аумағында тендердің объектісін орналастыру көзделген жергілікті атқарушы органдардың өкілдері;

тапсырысшы тағайындаған басқа да адамдар кіреді.

Тендер комиссиясының төрағасын тапсырысшы немесе тапсырысшының тапсырмасы бойынша тендерді ұйымдастырушы тағайындайды.

Тендер комиссиясы:

тендерге қатысуға өтінімдерді зерделейді;

өтінімдер бойынша тендерге қатысуға жіберілетін тұлғаларды айқындайды;

ұсыныстарды зерделейді;

тендердің шарттарында көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен ұсынысты тіркеместен адресатқа қайтарады;

тендердің жеңімпазын айқындайды;

берілген ұсыныстар бойынша жекелеген мәселелерді нақтылау үшін отырысқа үміткерлерді шақыруға құқылы.

Тендер комиссиясының төрағасы:

комиссия мүшелерінің қатарынан тендер комиссиясының хатшысын тағайындайды;

комиссия отырысының күні мен уақытын белгілейді;

тендер комиссиясы жұмысының тәртібін айқындайды;  
тендердің қорытындыларын шығаруды жүзеге асырады;  
тендерді жүргізудің және оның қорытындыларын шығарудың  
объективтілігі үшін жауапты болады;  
тендердің қорытындыларын жариялайды.  
Тендер комиссиясының хатшысы:

тендер комиссиясы тендерге қатысуға рұқсат еткен тұлғаларға олар  
тендерлік құжаттамалар алуы үшін жазбаша хабарлайды;  
тендерге қатысуға жіберілген тұлғаларды толық көлемінде  
тендерлік құжаттамамен қамтамасыз етеді;  
барлық келіп түскен материалдар мен құжаттарды тіркейді және  
олардың сақталуы мен тұтастығын қамтамасыз етеді;  
тендер комиссиясы төрағасының тендерді дайындауға және өткізуге  
байланысты өзге де тапсырмаларын орындайды.

#### 4. Үміткер

Үміткердің өзін тендердің жеңімпазы деп жариялаған жағдайда  
тапсырысшымен шарт жасасуға құқығы бар.

Үміткердің тіркелген ұсынысқа өзгерістер мен толықтырулар  
енгізуге құқығы жоқ.

Тендер комиссиясында тіркелген ұсынысты үміткер тендердің шарттарында  
айтылған мерзімнің ішінде қайтарып ала алмайды.

#### V. Тендерді ұйымдастыру және өткізу

Ашық тендер өткізу туралы шешімді тапсырысшы қабылдайды. Ашық тендер  
олар ұсынған өтінімдердің негізінде тұлғаларды алдын ала іріктеуді көздейді.

Жабық тендер өткізу туралы шешімді тапсырысшының негізделген ұсынысы  
бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мен  
Қаржы министрлігі бірлесіп қабылдайды.

Егер отырысқа комиссияның барлық құрамы мүшелерінің кемінде 3/4  
қатысса, тендер комиссиясы отырысының құқықтық күші бар деп саналады.  
Әрбір комиссия мүшесі бір дауысқа ие болады.

Тендер комиссиясының отырысы комиссияның хатшысы жүргізетін және комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамалармен ресімделеді.

Үміткерлердің ұсынысы бар жабық конверттерді ашу және жариялау тендер комиссиясының отырысында жүргізіледі, ол туралы конверттерді ашу хаттамасы ж а с а л а д ы .

Тендер комиссиясы ұсынылған ұсыныстардың тендердің шарттарымен с ә й к е с т і г і м е н т е к с е р е д і .

Тендердің шарттарына сәйкес келмейтін ұсыныс одан әрі қаралуға жатпайды, ол туралы тендер комиссиясы отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Тендер комиссиясы банкрот деп жарияланған немесе өзінің біліктілігі, өндірістік қуаты және қаржылық сенімділігі туралы жалған мәлімет берген үміткерлер дайындаған ұсыныстан бас тартады.

Тендер комиссиясы отырыс барысында түсініктеме мен нақтылау беруі, қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсынуы үшін үміткерлерді шақыруға қ ұ қ ы л ы .

Тендердің қорытындылары тендердің шарттарына сәйкес келеді деп танылған барлық ұсыныстар қаралғаннан кейін ғана жарияланады.

Екіден аз ұсыныс тендердің шарттарына сәйкес келеді деп танылған жағдайда тендер өткізілмеген болып жарияланады.

Өткізілген тендер оның жеңімпазы жарияланбастан жабылына алмайды.

Тендер комиссиясының дауыс беру хаттамасына (қорытынды хаттама) комиссияның барлық дауыс берген мүшелері қол қояды. Қарсы дауыс берген комиссия мүшелері өзінің ерекше пікірін хатамаға тіркейді.

Жеңімпаз айқындалған, сондай-ақ басқа үміткерлердің орны айқындалған тендердің қорытынды хаттамасы түпкілікті болып табылады, оған комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қояды.

Егер тендердің жеңімпазы болып шетелдік заңды тұлға айқындалса, онда шартта жеңімпаздың Қазақстанда дайындалған материалдар мен конструкцияларды барынша пайдалануы, сондай-ақ қазақстандық заңды тұлғалардың қосымша мердігерлік негізде тапсырыстың жалпы көлеміндегі жұмыстар мен қызмет көрсетулердің кемінде 30 процентін орындауы көзделеді.

Тараптардың біреуі шарт жасасудан бас тартқан жағдайда даулы мәселелер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешіледі.

Тендердің жеңімпазы шарт жасасудан бас тартқан жағдайда тендер комиссиясы жеңімпазды, өткізілген тендердің нәтижелері бойынша, олар ие болған орындардың ретімен одан кейінгі орындарды алған үміткерлердің қ а т а р ы н а н т а ң д а п а л а а л а д ы .

## VI. Тендердің нәтижелерін жарамсыз деп тану

Осы Ереженің талаптарын бұзу арқылы өткізілген тендер заңдарда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп танылуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ